

Сарбасова Назым Альмахановна

№ 5 "Мақтаарал" мектеп-гимназиясы, география пән мұғалімі

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті

Қашықтықтан білім беру барысында география пәнінде оқушыларды кескін картамен жұмыс жасауға үйрету

География пәні бойынша пәндік дағдылар бағыттарының бірі оқушылардың картографиялық сауаттылық негіздерін меңгеруі және халықаралық қарым-қатынас тілдерінің бірі ретінде географиялық картаны пайдалану болып табылады. Сондықтан әрбір оқу жылының алғашқы сабақтарынан бастап, Географияны зерделеуге кірісе отырып, мен сынып қабырғасында оқушылар көз алдында тұрған сөздерге сөзімді арнаймын. белгілі географ Н. Н. Баранский кездейсоқ емес: "карта – географияның екінші тілі" деді.

Жаңартылған білім мазмұны география пәнінде карталарды шындықтың ақпараттық бейнелі-таңбалы модельдері ретінде пайдалану компонентті және кешенді сипаттамалардың, картометрия мен морфометрияның, есептік-аналитикалық жоспардың тәсілдерін меңгеруді көздейді. Бұл шын мәнінде солай, өйткені қашықтықтан білім беру барысында карта тілін және оны оқи отырып, оқушылар өздері үшін көп нәрсе ашады, тіпті сабақта игермеген және оқулықта оқымаса да кескін карталардан көптеген мәліметтер ала алады. География сабақтарында картографиялық сауаттылық дағдылары практикалық жұмыстарды орындау арқылы жүзеге асырылады. Практикалық жұмыстар-географияны оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі. Практикалық жұмыстар оқушылардың бойында еңбекқорлықты тәрбиелеуге, дербестікті дамытуға ықпал етеді және география бойынша дайындығының маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Бағдарламада көзделген практикалық жұмыстар жүйесін орындау оқушылардың картографиялық, салыстырмалы-тарихи, геоэкологиялық, геожүйелік тәсілдер мен әдістерді меңгеруіне ықпал етеді.

Жаңартылған білім мазмұнында географиядан оқушылар кескін картамен қашықтықтан жаңа тақырыпты өткенде, бекіту мен сарамандық жұмыстар арқылы білімдерін тексергенде және үй тапсырмасын орындағанда жұмыс жасайды. Көп кезеңдерде бұл жұмысты оқушылар өз бетінше қашықтықтан атласпен салыстыра отырып, кескін картада қажетті нысандардың орнын тауып, оларды белгілеп жазады. Өз бетінше ешкімнің көмегінсіз үй тапсыраларын орындап, ватсап желісі арқылы ұстазға түсіріп жібереді. Кескін карта жер бедері, жер беті сулары, елді мекендер және пайдалы қазба кен орындарына байланысты географиялық атауларды есте сақтауға үлкен көмегін тигізеді. Кейбір нысандар кескін картада белгіленген (мысалы, мемлекеттердің шекаралары, ірі қалалар, өзен – көлдер) тек қажетті шартты белгілерді дұрыс тауып, оны қарындашпен белгілеп, жазу қажет. Мысалы, өзен – көлдерді оқығанда оқушылар кескін картада аталған өзен – көлдерді тауып, олардың аттарын жазады. Егер аталған нысандар кескін картада белгіленбесе, оқушылар бірінші берілген мәліметтер негізінде олардың орналасқан жерін анықтап, содан кейін ғана шартты белгілермен түсіріп жазу қажет. Мен осы нысандардың аттарын кескін картаға түсіруде бірнеше қағидаларды есте сақтау қажеттігін оқушыларға алдын – ала ескертемін. Тікелей эфирге шығып оқушыларға кескін картамен жұмыс жасаудың ережелерін түсіндіремін, әр оқушы өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін білдіреді. Мәселен, өзеннің аты ағыс бағытымен, көлдің аты кескініне қарай, тау жотасы созылу бағытына қарай, қала параллельге бағыттас жазылу керек. Жоғары сыныптарда кескін карта күрделі картографиялық жұмыстар жасауға, яғни, картограмма құрастыру, карта диаграммамен экономикалық картосхема жасауға пайдаланылады.

Мұғалім қашықтықтан оқыту барысында оқушыларды географиялық картаның мазмұнын барынша пайдалануға үйрету қажет, бірақ оқушыларды қиындататын тапсырмалардың ойластырылған жүйесін жүзеге асыру кезінде ғана түрлі мазмұнды карталармен жұмыс істеуге үйретуі керек. Қазіргі уақытта картографиялық сауаттылық әрбір адамға компьютерден кем

болмауы керек. Карталарды онлайн пайдалану, олардан қажетті ақпаратты алу дағдылары мен біліктілігінің болмауы көбінесе шаруашылық және ұлттық саясатта елеулі қателіктерге, экологиялық жағдайды және адамдардың өмір сүру жағдайын нашарлататын қателерге әкеп соғады. Оқулықтарда оқушыларға картографиялық Азбука меңгеруге мүмкіндік беретін көптеген практикалық тапсырмалар мен жаттығулар бар. [6]

Алайда кейбір тапсырмалар, сондай-ақ мәтін мазмұны оқушыларға әрдайым түсінікті емес. Бұл мұғалімдер оқушыларды жаңа карталармен танысудың әдістемелік тәсілдерін мұқият ойлауға міндеттейді.

Қорытындылай келе қашықтықтан оқыту барысында өз тәжірибемнен байқап, төмендегідей қорытындыға келдім. Оқушылар кескін картамен онлайн оқуда жұмыс жасау арқылы мынадай нәтижелерге жетеді:

1. Оқушылар өз бетімен кез келген географиялық нысандарды кескін картаға түсіре алады. Кескін карта түсіру арқылы әрбір географиялық нысандардың орналасуын, олардың аттарының дұрыс жазылуын есте сақтап қалады.
2. Географиялық координаталарды табу арқылы математикалық білім мен іскерліктері бекиді, компьютермен жұмыс жасау сауаттылығы артады.
3. Теориялық білімді практикалық жұмыста жылдам бекітеді.
4. Оқушылар өз беттерімен онлайн түрде қарапайым, күрделі карталарды жасай алады.
5. Қашықтықтан білім беру арқылы оқу процесі жарыс түрінде ұйымдастырылады. Жалпы, бүгінгі күні қолда бар қашықтықтан онлайн-оқыту жүйелері ұстаздар мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнықтыруға мүмкіндік береді, әрі нақты сабақ беру үрдісін қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытудағы сандық білім беру тікелей ұстаздың сабақ беру шеберлігін, тәжірибелілігін арттырып қана қоймай, ғаламтор жүйесіндегі білім беру ресурстарымен сауатты сабақ өткізуге дағдыландырды. Сөз соңында айтарым, мұндай формат сабақ сапасына да жоғары деңгейге көтереді, өйткені әрбір сабақтың үдерісі оқушының да, ұстаздың да жауапкершілігін арттырады.